

Білімге мән берілмек

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыспен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында облыстық ақпараттық насихат тобы Аркалыққа келіп, қала әкімдігінде жиын өткізді.

Шара барысында топ мүшесі, облыстық "Кәсіпкерлік және индустриалды инновациялық даму" басқармасы басшысының орынбасары Талғат Майшин және Ы.Алтынсарин атындағы Аркалық мемлекеттік педагогикалық институтының проректоры Нұрлыхан Темірбековтердің баяндамалары тыңдалды.

Баяндамашылар өз сөздерінде Жолдау жолдарын негізге ала отырып, нақты атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Елбасы Жолдауында еліміздің дамуында шағын және орта бизнесті дамытудың маңыздылығына баса тоқталды. Осы мақсатты негізге алатын "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасының мерзімін ұзартуды жүктеді. Бизнес саласында түйткілді мәсе-

ле болып келген қарыздың қордалануы сияқты кедергілердің жойылып, кәсіпкерлердің тың қадаммен іс жалғастыруына жол ашылатындығы айтылды. Президенттің пәрменімен елдегі бизнестің өркендеуі үшін 30 млрд-тан астам қаражат бөлінетін болды.

Алдағы 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10%-на жеткізу қажеттілігі атап көрсетілді. Жас қазақстандықтардың білім алуына мемлекеттік білім гранттары көптеп бөлінуде.

Бүгінгі күні жоғары оқу орнын бітірген жастардың жұмысқа орналасуы басты көрсеткішке айналып отыр. Мәселен, биыл Аркалықтың институтын бітірген жастардың қызметке тұру көрсеткіші 92,3%-ды құрады. Білім ордасына жаңа оқу жылында 750 жас оқуға қабылданса, оның 350-і мемлекеттік грант иегерлері.

Тағы бір толымды жаңалық – осы оқу жылын мемлекеттік "Серпін" бағдарламасымен оқып жатқан 160 жас қыз-жігіттер бітіргелі отыр.

Аркалық қаласы.